

**"Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамын басқарудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 қаңтар N 90. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 1080 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 1080 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне "Қазақ ақпарат агенттігі" (Қазақпарат) ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының президенті қызметіне заңнамада белгіленген тәртіппен сайлау үшін Ғаділбек Мінәжұлы Шалахметовтың кандидатурасы ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 8, 85-құжат):

кейбір акционерлік қоғамдардың және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 18-жолмен толықтырылсын:

"18. "Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат)" ұлттық компаниясы" ААҚ";

2) "Кейбір акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялардың директорлар кеңестерінің құрамдары туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 1051 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 32, 341-құжат):

кейбір акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялардың директорлар кеңестерінің құрамдары мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат)" ұлттық компаниясы" ААҚ:

Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі, төраға;

Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі;

Кадюков Николай Викторович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының о р ы н б а с а р ы ;

Құрманғалиева Аида Дәденқызы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік саланың шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры;

Шалахметов Ғаділбек Мінәжұлы".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*